ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 2 маусым №4360-23-00-2/492 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші - судья С. Умарсирикова,
А. Абдраимованың хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Азиев Н» - Нурлан Нурадинович Азиев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Н. Тобажанов
жауапкердің өкілі Н. Азиев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 27 қаңтардағы №9050278-ЗЦП1 бағалы ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы хаттама негізінде, талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) 2023 жылғы 2 ақпанда №112 с/с тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 1-қосымшасына сәйкес, жауапкер келісім жасалған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылы 21 ақпанда 68 000 теңгеге 2 000 дана медициналық қалдықтарға арналған полиэтиленді пакет тауарын талап қоюшыға жеткізуге өз міндеттемесіне алған.

Жауапкер Шарт міндеттемесін орындамаған, Шарт 2023 жылы 20 наурызда бұзылған, сондықтан талап қоюшы сотқа талабымен жүгініп жауапкерді Шарт міндеттемесін орындамағандықтан мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Жауапкер сотқа талап қоюға пікір жолдап, онда медициналық қалдықтарды жинау пакеттерінің барлығының бағалары мен КТРУ-лары басқа пакеттермен біртекті тауарлар болып көрсетілген, бұл пакеттер Қазақстан Республикасында әртүрлі облыстарынан сатушылар мен сатып алушылар арасында мәмілелер жасалатын виртуалды сауда алаңындағы бағасы 73,21 ден емес 800 теңгеден жоғары белгіленгенін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Сотта талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сотта жауапкер жарыс сөз берген кезде қатыспай телефонды өшірген.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

АК-нің 458-бабына сәйкес кәсіпкер болып табылатын сатушы (тауар беруші) сатып алушыға өзі өндіретін немесе сатып алатын тауарларды кәсіпкерлік қызметке немесе жеке өзіне, отбасына, үй ішіне және сол сияқты өзге де пайдалануға байланысты емес өзге мақсаттарға пайдалану үшін келісілген мерзімде немесе мерзімдерде беруге міндеттенеді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотта анықталғандай, жауапкер Шарт міндеттемесін орындамаған, яғни өзі Шарт жасасуға өзінің келісімді бергенімен, талап қоюшыға тауарды жеткізбеген, Шарт бұзылған.

Сот, жауапкердің шарттық міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп есептейді.

Талап қоюшы талап қоюымен сотқа 2023 жылдың 20 наурызда заң талаптарына сәйкес жүгінген.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 08.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.07.2023, судья Елшібеков Б. Е., 11.07.2023

орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Азиев Н» - Нурлан Нурадинович Азиев мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Азиев Н» - Нурлан Нурадинович Азиевтен мемлекет пайдасына мемлекеттік баж сомасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С. Умарсирикова**

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 08.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 11.07.2023, судья Елшібеков Б. Е., 11.07.2023

4360-23-3-1/527